

## Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы ЕСЕП

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
8D053 - Физикалық және химиялық ғылымдар (6D060400/8D05302 -  
Физика) бағыты бойынша философия докторы (PhD), диссертациялық кеңес

### 1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы  
диссертациялық кеңесте 8D053 - Физикалық және химиялық ғылымдар  
(6D060400/8D05302 - Физика) бағыты бойынша 2023 жылы 2 отырысы  
өткізілді (14.11.2023ж. - 31.12.2023ж.)

### 2. Отырыстардың жартысынан азына қатысқан диссертациялық кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса).

Диссертациялық кеңес отырыстарына жартысынан кем қатысқан кеңес  
мүшелері болған жоқ.

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

*Жусанбаева Айым Канатовна*, Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті;

### 4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

*Жусанбаева Айым Канатовнаның* диссертациясы бойынша:

1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;

*Диссертация тақырыбы* – Газ қоспаларындағы изотермиялық көп  
компонентті араластыру кезіндегі «диффузия - концентрациялық конвекция»  
режимдерінің өзгеру шекарасындағы құрылымдалған ағынның пайда болуы  
және эволюциясы

*Білім беру бағдарламасы:* 8D05302 – Физика

*Ғылыми кеңесшілер* – физико-математика ғылымдарының докторы,  
профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі Косов Владимир Николаевич,  
техника ғылымдарының докторы, профессор Холм Альтенбах, Отто фон  
Герике университеті (Магдебург, Германия).

*Қорғау 2023 жылдың 28 желтоқсанында өтті.*

*Жұмыста төмендегідей жаңа және сенімді нәтижелер алынған:*

- жүйе  $H_2 + CO_2 - N_2$  үшін әртүрлі құрамдар мен қысымдардағы  
«диффузия – конвекция» алмасуы эксперименталды түрде зерттелді;

- жүйе  $H_2 + CO_2 - N_2, N_2 + R12 - n - C_4H_{10}$  тік диффузиялық каналдағы  
қоспаның конвективті тұрақтылығы сандық түрде зерттелді;

- компонентті диффузиялық коэффициенттеріндегі айырмашылықтың  
конвективті масса тасымалдау режиміне өту аймағына жақын газ  
қоспаларындағы араласу қарқындылығына әсері зерттелді;



- әртүрлі бастапқы құрамдардағы үштік газ коспаларында суперкритикалық-конвективті ағымдар пайда болған кезде компоненттердің концентрациясының, қысымның және орташа жылдамдықтың таралуы есептелді.

2) *диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастырған ғылымды дамыту бағыттарымен байланысы:*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасы (2022 жыл 24 қараша, №941), Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары (2022 жыл 20 шілде, №2), Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2021 жыл 1 шілде), Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және цифрлық саланы дамыту тұжырымдамасы (2021 жыл 30 желтоқсан, №961), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2026-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.

3) *диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке ену деңгейін талдау.*

Көп компонентті алмасу бойынша нәтижелерді іс жүзінде қолдану Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының ұлттық басымдықтарына сәйкес келетін қоршаған ортаға экологиялық жүктемені төмендету жөніндегі техникалық шешімдерде бөлу технологияларын пайдалануда компоненттердің парциалдық ағындары үшін алынған деректерді қолдануда көрінеді.

**5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып)**

Рецензенттер ретінде физика саласына үлес қосқан ғалымдар тағайындалды.

Рецензенттердің пікірлерінде зерттеудің ғылыми негізделген теориялық және практикалық нәтижелері атап өтілді, қорытындылар жеткілікті дәрежеде дәлелденіп, жұмыс бойынша ескертулер мен ұсыныстар берілді. Ескертулер зерттеудің жалпы ғылыми - теориялық мазмұны мен практикалық нәтижелеріне әсер етпейтін жеке кемшіліктерге қатысты.

*Жусанбаева Айым Канатовнаның диссертациясының рецензенттері бойынша мәлімет:*

*Соколов Дмитрий Юрьевич* – PhD, қауымдастырылған профессор, Алматы технологиялық университеті (Алматы қ., Қазақстан);

*Туреханова Кундуз Моминовна* – физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы қ., Қазақстан).

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.**

- диссертацияларды қорғауға жіберетін бітіруші кафедралар зерттеу жұмысының сапасына және қорғауға қажетті құжаттарға ерекше назар аударуы керек.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялар саны (кадрлар даярлау бағыттары):**

	8D05302 – Физика
Қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарынан);	-
Қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-
Рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-
Қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-
Пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-
Қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-ның докторанттарының)	-

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы

Диссертациялық кеңестің  
Ғалым хатшысы



Косов В.Н.

Ақжолова Ә.Ә.

«28» желтоқсан 2023ж.